

Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 556 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1311 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 525 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі өзінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 525 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 0 м а м ы р д а ғ ы
N 5 5 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.03.01. N 334 , 2000.03.02. N 344 , 2002.12.26. N 1373 , 2003.10.02. N 1015 қаулыларымен.

Өнеркәсіп саласындағы қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын Біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары қызметтің лицензиялауға жататын мынадай түрлері:
электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;
өнеркәсіптік жарылыс-өрт қаупі бар және тау-кен өндірісін, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды, арналы газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін жобалау және пайдалану және мұнай мен газға арналған бұрғылау жұмыстары;

химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахталық, металлургиялық, энергетикалық жабдықтарды, жарылыстан қорғалған электртехникасы жабдықтарын, бақылау аппаратуралары мен жүйелерін, апатқа қарсы қорғаныс пен белгі бергіштерді, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін жобалау, дайындау, монтаждау және жөндеу;

электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу;
тұрғын және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газдандыру жүйелерін жасау, жөндеу;

минералдық шикізатты өңдеу бойынша лицензиялар алуға талапкер заңды және жеке тұлғаларға қолданылады;
мұнай өнімдерін өндіру; <*>

Ескерту. Өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 525 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз), 2007.11.27. N 1137 (ресми жарияланған күнінен бастап 21 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және таратуды, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары <*>

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.26. N 1373 қаулысымен.

1. Біліктілік талаптары:

1) энергиямен жабдықтаудың жұмыс істеп тұрған жүйесімен өлшемдері мен режимдері бойынша (кернеу, ток жиілігі, релелік және апатқа қарсы қорғаныш) технологиялық үйлесушілікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің;

2) жобалық құжаттамалар мен қолданылып жүрген санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес электр, өрт, жарылыс қауіпсіздігі талаптарына, техника қауіпсіздігі мен техниканы пайдалану ережелеріне сәйкес келетін мамандандырылған өндірістік ғимараттар мен инженерлік құрылыстардың; технологиялық жабдықтың, құралдар мен технологиялық жарақтанудың; электр

және жылу энергияларын есептеу, тарату және жұмсау аспаптарымен қамтамасыз етілудің;

3) жабдықтарды, механизмдерді, құралдарды және жарақтарды пайдалану мен техникалық күтім жасауды;

жедел-диспетчерлік басқаруды және байланыс каналдарын; еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) мемлекеттік энергия қадағалау органының қорытындысымен, белгіленген тәртіппен бекітілген энергиямен жабдықтау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтардың, бағдарламалардың және іс-шаралардың, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін - ағымдағы және күрделі жөндеулердің кестесінің;

5) оларды пайдаланған жағдайда, шетелдік жұмыс күшін тартуға лицензиялардың;

6) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар басшылардың, техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелері білімдері біліктілік тексеруінен өткен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Өнеркәсіптік жарылыс, өрт қаупі бар және тау-кен өндірісін, гидротехникалық құрылыстарды, арналы газ, мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін жобалауды және пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.26. N 1373, 2005.05.27. N 525 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

1. Біліктілік талаптары:

1) жер қойнауын пайдалану, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін технологиялық регламенттер мен технологиялық жобалардың;

2) өндірістік-техникалық базаның: мамандандырылған өндірістік ғимараттардың, инженерлік құрылыстардың (машиналар, механизмдер, жабдықтар, газ-мұнай өнімдері, қазандықтар, ыдыстар) және технологиялық желілердің, сондай-ақ жобалау жұмыстарын орындау кезінде конструкторлық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу, есептеулерді, сызуларды, сметаларды орындау үшін ұйымдастыру техникасы мен электрондық техниканың, бағдарламалық қамтамасыз етудің;

3) дайын өнімдердің, жарылыс-өрт қаупі бар, күшті әсер ететін улы заттарды және өртке қарсы материалдарды сақтау үшін арнайы жабдықталған

қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың, сондай-ақ орындалған ж о б а л ы қ қ ұ ж а т т а м а н ы ң ;

4) жабдықтарды, механизмдерді, құралдар мен жарақтарды пайдалануды және техникалық күтім жасауды (жобалау кезінде талап етілмейді);
еңбек қауіпсіздігін бақылауды және қоршаған ортаны қорғауды;
метрологиялық қамтамасыз етуді;

жер қойнауын пайдалану кезіндегі маркшейдерлік жұмыстарды қамтамасыз е т е т і н қ ы з м е т т е р д і ң ;

4-1) жобаның сапасын бақылау жүйесінің (жобалау кезінде);

5) тау-кен техникалық және экологиялық қадағалау органдарының өтініш берушінің еңбек қауіпсіздігі және қорғау ережелерінің талаптарына, экологиялық (көтергіш құрылғыларды жобалау және пайдалану кезінде талап етілмейді) нормаларға сәйкестігін растайтын қорытындыларының;

б) объектілерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі белгіленген тәртіппен бекітілген нұсқаулықтардың, өндірістегі болуы мүмкін аварияларды жою жоспарларының, сондай-ақ тиісті қызмет саласында жобалау жөніндегі нормативтік құқықтық базаның, нормативтік-техникалық, анықтамалық, әдістемелік әдебиеттің;

7) арнайы жұмыс түріне лицензиялардың (жер қойнауын пайдалану) құқығына, оларды пайдаланған жағдайда шетелдік жұмыс күшіне арналған);

8) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылардың, техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелері білімдерінен біліктілік тексеруден өткен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 525 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

Химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, тау-кен-шахталық, металлургиялық, энергетикалық жабдықтарын, жарылыстан қорғалған электртехникасы жабдықтарын, бақылау аппаратуралары мен жүйелерін, аварияға қарсы қорғаныс пен белгі бергіштерді, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, ыдыстарды және құбыр желілерін жобалауды, дайындауды, монтаждауды және жөндеуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары <*>

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.12.26. N 1373 қаулысымен.

1. Біліктілік талаптары:

1) өндірістік-техникалық (жөндеу-механикалық) базаның: еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі саласындағы регламенттерге, техникалық жобаларға, заңдардың ережелеріне сәйкес келетін мамандандырылған өндірістік

ғимараттардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың;

2) өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің стандарттарға, нормаларға және техникалық шарттарға сәйкестігіне аттестацияланған лабораторияның (қызмет көрсетуге шарт);

3) жабдықтарды, механизмдерді, құралдарды және жарақтарды пайдалану мен техникалық күтім жасауды;

еңбек қауіпсіздігін бақылауды;

метрологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) тау-кен техникалық және санитарлық қадағалау органдарының өтініш берушінің қауіпсіздік ережелері мен еңбек қорғау талаптарына, санитарлық нормаларға сәйкестігін растайтын қорытындыларының;

5) шетелдік жұмыс күштерін пайдаланған жағдайда, оларды тартуға лицензиялардың;

6) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар басшылардың, техникалық пайдалану ережелері және қауіпсіздік ережелері білімдерінен біліктілік тексеруден өткен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

1. Біліктілік талаптары:

1) электр энергиясын тұтынушыларға, оның ішінде аймақтан тысқары жерлерге де берудің техникалық мүмкіндігінің;

2) тиісті білім деңгейіне жауап беретін басшылары мен мамандарының біліктілік құрамының және аймақтық диспетчерлік орталықпен жедел келіссөздер жүргізу құқығы бар тәулік бойғы жедел-диспетчерлік қызмет үшін оқытылған және аттестацияланған қызметшілердің;

3) коммерциялық есеп жүргізуді және көрсеткіштерді интеграцияланған жинауды қамтамасыз ететін қызметтің, сондай-ақ жедел-диспетчерлік қызметтің немесе қандай да бір болмасын құқықтық күші бар диспетчерлік орталықпен диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттардың (ой-ниет хаттамасының);

4) 10 000 ең төмен есепті көрсеткіштен кем емес мөлшерде айналымдық қаражатының;

5) өтініш беруші мен энергия өндірушінің, сондай-ақ энергия беруші ұйымдардың арасындағы авария жағдайына арналған резервтік алмастыру шартымен электр энергиясын тұтынушыға беру және тасымалдауға арналған шарттардың немесе ой-ниет хаттамаларының болуын қамтиды.

6) мемлекеттік энергия қадағалау органының қорытындысы; <*>

Ескерту. 6) тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.26. N 1373 қаулысымен.

Уларды өндіруді, қайта өңдеуді, тасымалдауды, сатып алуды, сақтауды, сатуды, пайдалануды және жоюды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары*

Ескерту. Бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.11.27. N 1137 (ресми жарияланған күнінен бастап 21 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Тұрғын және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газдандыру жүйелерін жасап шығаруды, жөндеуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

1. Біліктілік талаптары:

1) өндірістік-техникалық (жөндеу-механикалық) базаның: технологиялық регламенттерге, техникалық жобаларға және газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкес келетін технологиялық желілердің, мамандандырылған өндірістік ғимараттардың және инженерлік құрылыстардың;

2) жарылу, өртену қаупі бар газдарды (табиғи және сұйытылған), өртке қарсы құралдарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың, с и ы м д ы л ы қ т а р д ы ң ;

3) газ құбырлары мен баллондарды, оларды жөндеу жөніндегі (ауыр қалдықтарды баллондардан төгу, баллондарды буландыру, куәліктендіру және бояу) құралдар мен жарақтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет к ө р с е т у д і ;

тұрғын және коммуналдық-тұрмыстық объектілер жүйесіндегі шаруашылық жүргізуші субъектінің авариясыз жұмысын (өздерінің авариялық қызметі немесе авариялық қызметпен шарттың болуы);

еңбектің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды бақылауды; өндірісті метрологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз етуші қызметтердің;

4) тау-кен техникалық қазандық газ қадағалаудың өтініш берушінің еңбек қауіпсіздігі және қорғау ережелері талаптарына сәйкестігін растайтын қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң ;

5) жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін белгіленген тәртіппен бекітілген нұсқаулықтарының - ыдыстар мен құбыр желілерін техникалық куәліктендіру, негізгі технологиялық жабдықты ағымдағы және күрделі жөндеулер кестелерінің;

б) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар басшылардың, газ шаруашылығында техникалық пайдалану ережелері және қауіпсіздік ережелері білімдерінен біліктілік тексеруден өткен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

1. Біліктілік талаптары:

1) қауіпсіздік және техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес келетін техникалық жобалар мен технологиялық регламенттердің, мамандандырылған өндірістік ғимараттардың, жабдықтар мен механизмдердің, технологиялық желілердің, инженерлік құрылыстардың, қалдық сақтағыштардың, шлам тұндырғыштардың;

2) дайын өнімдерді, жарылғыш, өртенгіш, күшті әсер ететін улы заттар мен өртке қарсы материалдарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сиымдылықтардың;

3) жабдықтарды, механизмдерді, құралдар мен жарақтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды бақылауды; өндірісті метрологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін қызметтердің;

4) экологиялық және тау-кен техникалық қадағалаудың, өтініш берушінің еңбек қауіпсіздігі және қорғау ережелері талаптарына сәйкестігін растайтын қорытындысының;

5) оларды пайдаланған жағдайда, шетелдік жұмыс күшін тартуға лицензиялардың;

6) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар инженерлік-техникалық және басшы қызметкерлердің білікті құрамының болуын қамтиды.

Мұнай мен газға арналған бұрғылау жұмыстарын жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары:

1) жер қойнауын қорғау қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін техникалық жобалар мен технологиялық регламенттердің;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы өндірістік-техникалық базаның: регламенттерге, нормативтерге, қауіпсіздік ережелеріне сәйкес келетін мамандандырылған өндірістік ғимараттың, машиналардың, агрегаттардың, бұрғылау қондырғыларының, механизмдердің, жабдықтардың және бақылау-өлшеу аспаптарының;

3) скважиналарды бұрғылау кезінде пайдаланылатын жарылыс-өрт қауіпі бар, күшті әсер ететін улы заттар мен өртке қарсы материалдарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың;

4) бұрғылау қондырғыларын, агрегаттарды, жабдықтарды, механизмдерді, құралдар мен жарақтарды пайдалануды және оларға техникалық күтім жасауды;

еңбек қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды бақылауды;
метрологиялық қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін қызметтердің;

5) тау-кен техникалық және экологиялық қадағалау органдарының өтініш берушінің техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерінің талаптарына, экологиялық нормаларына сәйкестігін растайтын қорытындыларының;

6) мұнайгаз фонтандары мен атқылауларының алдын алу және жою жөніндегі ұйымдастыру жоспарының, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген мұнай мен газға арналған бұрғылау жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың;

7) оларды пайдаланған жағдайда, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатының ;

8) тиісті білім деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылардың, техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік ережелерін білетіндігіне біліктілік тексеруден өткен мамандардың білікті құрамының болуын қамтиды.

Мұнай өнімдерін өндіруге қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.10.02. N 1015 қаулысымен.

Біліктілік талаптары :

1) еңбек пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес келетін өндіріс паспорты мен технологиялық регламенттің;

2) өндірістік-техникалық базаның:
мамандандырылған өндіріс ғимараттарының;
мұнай және (немесе) газ өңдеуші жабдықтардың, соның ішінде стандарттау және өлшемдердің біртұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі тиісті нормативтік құжаттарға жауап беретін технологиялық желілер мен өлшеу құралдарының;

3) уәкілетті органмен келісім бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік орган белгілейтін талаптарға жауап беретін мұнай өнімдерін өндіру мен сату көлемдері туралы ақпаратты уәкілетті органға автоматтандырылған беруді қамтамасыз ететін есепке алуды бақылау приборларының ;

4) шикізатты және дайын өнімді, жарылыс-өрт қаупі бар, әсері күшті улы заттар мен өртке қарсы материалдарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалардың, үй-жайлардың және сыйымдылықтардың;

5) өнім сапасының стандарттарға, нормаларға және техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау жөніндегі аттестатталған зертхананың (қызмет көрсетуге арналған шарт) ;

6) белгіленген тәртіппен бекітілген:
объектілерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың;

өндірісте болуы мүмкін аварияларды жою жоспарының;
7) мыналарды қамтамасыз ететін қызметтердің:
технологиялық процестердің сақталуын және берілген сападағы өнімнің
шығарылуын;

жабдықтарды, тетіктерді, құрылғылар мен жарақтарды пайдалану мен
техникалық қызмет көрсетуді;

еңбек қауіпсіздігін бақылау мен қоршаған ортаны қорғауды;
өндірісті метрологиялық қамтамасыз етуді;

8) өтініш берушінің қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау ережелеріне және
санитарлық талаптарға сәйкестігін растайтын тау-кен-техникалық, экологиялық
және санитарлық қадағалау қорытындыларының;

9) жұмыстың арнайы түрлеріне (мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі
қызметтерді көрсету болған кезде қауіпті жүктерді тасымалдауға, оны
пайдаланған жағдайда шетелдік жұмыс күшін тартуға) лицензияның (рұқсаттың);

10) тиісті білім беру деңгейіне жауап беретін және мамандығы бойынша
нақты жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылардың білікті құрамының,
техникалық пайдалану мен қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден
өткен мамандардың болуын қамтиды.